## "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 164-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 2 маусымдағы
N 164-ө өкімімен
бекітілген

## "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі <*>

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2004.07.30. N 213-ө Өкімімен .

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Орындалу мерзімі | Орындауға жауапты мемлекеттік орган |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ішкі сауда ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қыркүйек | ИСМ, АШМ, Қаржымині, ДСМ, МСА, ТМРА (келісім бойынша) |
| 2 | Шекара маңындағы сауданы жүзеге асыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қазан | ИСМ, СІМ, КБА, Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша), ДСМ, АШМ |
| 3 | <*> | | | |
| 4 | <*> | | | |
| 5 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 31 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы тамыз | ИСМ, АШМ, ДСМ, ТМРА (келісім бойынша), Қаржымині |
| 6 | Электрондық сауданы жүзеге асыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қыркүйек | ИСМ, АБА, МСА, ҮБ (келісім бойынша), ККМ, Қаржымині |
| 7 | Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар арқылы сауда орындарынан тыс бөлшек сауда, почта және басқа да тәсілдермен сауда ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қазан | ИСМ, АБА, Қаржымині, ККМ, ДСМ |
| 8 | Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларын қолдану ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы қазан | ИСМ, КБА, ТМРА (келісім бойынша), СІМ, Қаржымині |
| 9 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыр. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің | 2004 жылғы қыркүйек | ИСМ |

күйектегі N 996 қаулысы және 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

---

ИСМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

КБА - Қазақстан Республикасының Кеден бақылау агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ККМ - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

МСА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу агенттігі

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК